Под коррупцией в обществе понимается систематическое получение должностным лицом лично или через посредника материальных ценностей или приобретение выгоды имущественного характера, предоставляемых ему исключительно в связи с занимаемым им служебным положением - за покровительство или оказание услуг в будущем. Выявление факторов, влияющих на коррупционное поведение сотрудников, а также изучение личности данной категории преступников выступают необходимым условием целенаправленной борьбы с опасными, подрывающими авторитет власти преступлениями. Коррупция подрывает авторитет государственного аппарата, дискредитирует его деятельность, содержит угрозу национальной безопасности, нарушает принцип построения правового государства и демократического развития. Сегодня коррупция превращается в качественно новый социальный феномен, в границах которого происходит сращивание административного ресурса государства и принципов организации криминального мира. Поэтому выявление причин функционирования параметров коррупции представляется важной задачей политики нашего государства. Об этом говорят также последние законодательные акты, в частности: Закон Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции». Особенно опасна коррупция в органах

Я ПРОТИВ КОРРУПЦИИ!



государственной власти, в том числе внутренних дел. Чем сильнее государственный орган охвачен коррупцией, тем слабее контроль, за его инструментами. В законе определены основные принципы общегосударственной политики борьбы с коррупцией, а также условия наступления ответственности. В целях должного несения государственной службы, которая : предусматривает доверие со стороны общества и государства и предъясвляет высокие требования к нравственному и морально-этическому облику госслужащих, Указом Президента от 29 декабря 2015 года 153 утвержден Этический кодекс государственных служащих Республики Казахстан. В соответствии с Законами «О государственной службе», «О

противодействии коррупции» и общепринятыми морально-этическими нормами установлены основные стандарты поведения государственных служащих, которые должны руководствоваться принципами закона, неукоснительно соблюдать нормативные правовые акты Республики Казахстан, противостоять проявлениям коррупции и не допускать использования служебной информации в корыстных целях. Привлекая общественные организации к полноценному сотрудничеству при решении проблемы подобного масштаба, государство получает шанс на достижение поставленных целей. Тем самым решаются сразу три важные задачи: ограничивается низовая коррупция, повышается эффективность реализации социальных функций государства, возрастает доверие общества к власти. Невозможно просто отказаться от всех тех сфер деятельности, которые служат основой для возникновения коррупции в ОГД. Поэтому цель борьбы с коррупцией заключается в уменьшении ее уровня путем значительного повышения степени эффективности системы государственного управления. Борьба против коррупции должна являться постоянной функцией государства и заботой всего общества, а государственная служба должна быть гордостью, стимулом и примером для каждого гражданина.

УГД по Егиндыкольскому району

Жалпыға бірдей декларациялау

Үшінші кезеңде 2024 жылдан бастап заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары, жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары. 2025 жылғы соңғы кезең азаматтардың қалған санаттарын қамтиды.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00-нысан) жеке тұлғалар жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кірген күні жинақталған активтер мен қолда бар міндеттемелер бойынша мәліметтерді тіркеу үшін жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кірген кезде бір рет ұсынады. Активтер мен міндеттемелер туралы

декларацияда (250.00-нысан) шет мемлекетте жылжымалы және жылжымайтын мүліктің, шетелдік банктердегі банк шоттарында ақшаның болуы, Қазақстан Республикасынан тыс жерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі көрсетіледі.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында да, шет мемлекетте де бағалы қағаздардың, инвестициялық алтынның, зияткерлік меншік объектілерінің, АЕК-тің 10000 еселенген мөлшері шегіндегі қолма-қол ақша қаражатының, банк ұйымдарын қоспағанда, нотариат куәландырған құжат болған кезде жеке тұлғалардың бір-бірінің алдындағы дебиторлық және кредиторлық

берешегінің болуы; сондай-ақ жеке тұлғаның қалауы бойынша бағалау болған кезде 1000 еселенген АЕК мөлшерінен асатын қымбат мүлік (антикварлық заттар, қымбат суреттер және т.б.) көрсетілуі мүмкін.

Жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға қатысты толық ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (kgd.gov.kz) ресми сайтының «Жалпыға бірдей декларациялау» бөлімінен алуға болады.

Егіндікөл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

Жалпыға бірдей декларациялауға байланысты мәселелер

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда кезең-кезеңімен жалпыға бірдей декларациялау енгізілді.

Жалпыға бірдей декларациялаудың негізгі міндеті:

- әділ салық салуды қамтамасыз ету және әлеуметтік саясатты жетілдіру;
- жеке тұлғалардың кірістерін бақылаудың тиімді тетігін құру;
- сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономика деңгейін төмендету.

Мәселен, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап «кіру» декларациясын мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары – 580 мың адам табыс етті.

Екінші кезеңде, 2023 жылы мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері, сондай-ақ олардың жұбайлары – 2,1 млн адам табыс етті.

Үшінші кезеңде, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап декларацияны заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырады. 3,9 млн. жеке тұлға табыс етеді деп жоспарлануда.

Төртінші кезеңде, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – азаматтардың қалған санаттары (мысалы, жеке құрылымдардың қызметкерлері, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер және басқалар) ұсынады. 6,4 млн. астам жеке тұлғаны қамту жоспарлануда. Жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне барлығы 13 млн. жуық адам кіруі тиіс.

Үшінші кезең шеңберінде 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны кім тапсыруы керек?

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап декларацияны заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), дара кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсыруға тиіс.

Бұл талап әрекетсіз және қызметін тоқтатқан тұлғаларға да қолданылады.

Азаматтық кодекстің нормаларына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайтындықтан, 2024 жылы филиалдар мен өкілдіктердің басшыларында декларацияны ұсыну бойынша міндеттеме туындамайды (АК 43-бабының 3-тармағы). Сондай-ақ, 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны жеке практикамен айналысатын адамдар ұсынбайды. Декларацияда қандай мәліметтерді көрсету қажет?

Жалпыға бірдей декларациялау жүйесі барлық азаматтардың активтері мен міндеттемелері туралы декларация беруінен тұрады. Онда жеке тұлғаның барлық мынадай шетелдік активтері, жылжымалы, жылжымайтын мүлкі көрсетіледі:

- шетелдегі жылжымайтын мүлік және көлік;
- шетелдік банктегі 3,5 млн теңгеден жоғары (1 000 АЕК) ақша;
- шетелдік компаниядағы қатысу үлесі;
- бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткоиндер және т. б.);
- үлестік қатысу шарты (тұрғын ғимараттағы үлесі);
- инвестициялық алтын (құйма алтын);
- зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілері;
- 34,5 млн. теңге (10 000 АЕК) шегінде қолма-қол ақша;
- басқа тұлғалармен нотариалды куәландырылған қарыз шарттары.

• құны 3,5 млн. теңгеден асатын басқа да мүлік (қалауы бойынша) (мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды жануарлар және т. б.) – бағалауды 31.12.2023 жылғы жағдай бойынша декларацияны тапсыру мерзіміне дейін (2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей) жасау қажет. Кейін жыл сайын кірістер мен мүлік туралы декларация (270.00-нысан) ұсынылады, онда күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістер, Қазақстанда және шетелде мүлікті сатып алу не иеліктен шығару туралы мәліметтер,

сондай-ақ оларды иемденуге жұмсалған шығыстарды жабудың көздері көрсетіледі.

Осылайша, кірістер мен мүлік туралы декларацияда мыналар көрсетіледі:

- кірістер (жалға беруден, жылжымайтын мүлікті, көлікті, бағалы қағаздарды сатудан, шетелден кірістер және т. б.)
- салық шегерімдері (медициналық қызмет шығындары, қызметтер, білім беру, ипотека бойынша төлемдер, көп балалы отбасылар үшін шегерім)
- өтеусіз алынған мүлікті (жылжымайтын мүлік, көлік, бағалы қағаздар, цифрлық активтер және т. б.) қоса алғанда, мүлікті сатып алу/иеліктен шығару
- қымбат мүлікті сатып алу көздері
- бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткоиндер және т. б.)
- үлестік қатысу шарты (тұрғын үй ғимаратындағы үлесі)
- инвестициялық алтын (құйма алтын)
- жеке тұлғалардың нотариалды куәландырылған қарыз шарттары
- шетелдік компаниядағы қатысу үлесі
- шетелдегі жылжымайтын мүлік және көлік
- шетелдік банктегі 7,3 мың АҚШ долларынан (1 000 АЕК) асатын ақша

Декларацияны ұсыну тәсілдері мен мерзімі?

Декларацияны 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін тұрғылықты жері бойынша тапсыру қажет. Декларацияны «Салық төлеуші кабинеті», «Электрондық үкімет» веб-порталдары, «e-salyqAzamat», Halyk, Bank CenterCredit мобильді қосымшалары арқылы ұсынуға болады. Сондай-ақ азаматтар декларацияны қағаз нұсқада пошта арқылы немесе өздері барып ұсынуға құқылы. Декларацияны тапсыруға қалай дайындалуға болады?

Шетелдегі және Қазақстандағы активтерді барынша дұрыс декларациялау қажет. Кейіннен активтер құны салық салынатын кірісті айқындау кезінде ескерілетін болады.

Сондықтан декларацияны толтыру алдында:

- 1) тиісті растайтын құжаттарды дайындауды;
- 2) 31.12.2023 жылға дейін ақшалай қаражатты (34,5 млн теңгеден астам) банктік шоттарда салуды;
- 3) бастапқы декларация берілген күнге дейін 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштар мен талаптарды нотариалды куәландыруды;
- 4) декларация берілген сәтке дейін 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлігінің құны 3,5 млн теңгеден асатын мүлікті бағалауды;
- 5) Қазақстанда активтер мен міндеттемелердің бар-жоғын:

бағалы қағаздар бойынша: <https://portal.kacd.kz/>;
тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша: <https://homeportal.kz/>;
<https://www.gov.kz/services/3910?lang=ru;>
зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері бойынша: <https://gosreestr.kazpatent.kz/>;
сенімгерлік басқаруға берілген мүлік бойынша: https://egov.kz/cms/ru/services/pass077_mu сайттарда тексеруді ұсынамыз;
Дебиторлық/кредиторлық берешектің (қарыз шартының) болуы бойынша сұрау салуды Doculite жүйесі арқылы Республикалық нотариаттық палатаға жолдау қажет.

Жеке тұлғаның берешегін декларациялау Активтер мен міндеттемелер туралы «кіру» декларациясын толтыру кезіндегі шарттардың бірі 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштар мен талаптарды көрсету болып табылады.

Яғни, азаматтар декларацияда басқа жеке немесе заңды тұлғалар алдындағы қарыздарын көрсетуі керек. Сондай-ақ, басқа тұлғалардың осы жеке тұлғаға қайтаруы тиіс қарыздары көрсетіледі.

Салық кодексінің нормаларына сәйкес қарыз шарттары нотариалды куәландырылуға тиіс (СК 631-бабының 2-тармағы).

Шарттардың нотариалды куәландырылуы жеке тұлғаның борышы мен міндеттемелерінің мөлшерін дұрыс көрсетуді қамтамасыз етеді.

Шарттарды куәландыру тәртібі «Нотариат туралы» ҚРЗ 8-тарауымен регламенттеледі, нотариаттық іс-әрекеттерді жасау мерзімдері 40-бапта айқындалған (барлық қажетті құжаттар ұсынылған және мемлекеттік баж төленген күні). Осылайша, шарттар мен өзге де құжаттар бастапқы декларация берілген сәтке дейін (ұсыну мерзімі 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін) нотариалды куәландырылуы тиіс. Республикалық нотариаттық палата 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі кезеңде көрсетілген шарттарды (2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жасалған) куәландыру бойынша жеке тұлғалардың құқығын растады.

Қарыздар мен міндеттемелерді бастапқы декларацияда ғана көрсетуге қажет екенін назарға саламыз, тиісті салық есептілігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді (СК 211-бабы 5-тармағының 7) тармақшасы).

Банктік қарыз шарттары декларацияда көрсетілуге жатпайды.

Сонымен қатар, заңды тұлғалармен (микроқаржы ұйымдарын қоса алғанда) жасалған қалған шарттар декларацияда көрсетілуге жатады. Қарыз шарттарын куәландыру тәртібіне байланысты туындайтын барлық мәселелер бойынша консультация алу үшін өңірлік нотариаттық палаталарға жүгіну қажет (нотариаттық палаталардың мекенжайлары www.notariat.kz сайтында орналастырылған).

Қолма-қол ақшаны декларациялау Жалпыға бірдей декларациялау азаматтарға кірістерінің мөлшеріне қарай әділ салық салуды қамтамасыз етуі тиіс. Салық төлеуден жалтарған адамдарды анықтау көлеңкелі экономика деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Көлеңкелі айналымдарды қысқартудың тиімді әдістерінің бірі азаматтарымыздың өмірінің ажырамас бөлігіне айналған қолма-қол ақшасыз төлемдерге көшу болып табылады. Қазақстанда 9 айдың қорытындысы бойынша қолма - қол ақшасыз төлемдердің үлесі 86% - ға дейін өсті (өткен жылы-82%), бұл Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының деректері. Ересектерден басқа, 6 жастан асқан балалар да қолма-қол ақшасыз төлемдерді белсенді пайдаланады, ата-аналардың 41,4% - ы балаларына карта ресімдеген (Kursiv Research әлеуметтанулық зерттеулер орталығының деректері).

Азаматтардың банктік салымдарының сақталуын 19 банк қатысатын салымдарға кепілдік берудің мемлекеттік жүйесі қамтамасыз етеді. 20 млн теңге мөлшерінде депозиттерді қайтаруға мемлекет кепілдік береді. Ақшаны депозиттерге орналастыру олардың сақталуына ғана емес, инфляциядан қорғауға да кепілдік береді.

Осыған байланысты банктердегі жеке тұлғалардың депозиттерінің саны 16,9 млн-нан 19,8 млн-ға дейін ұлғайды, жылдық өсім 14,3% құрады, депозиттердің жалпы көлемі 18,6 трлн теңгені құрайды. (Қазақстандық салымдарға кепілдік беру қорының деректері). Елдегі айналымда қолма-қол ақшаның болмашы көлемін ескере отырып, декларациялау кезінде әрбір азамат 34,5 млн теңгеден (10 000 АЕК) аспайтын сомада қолма-қол ақшаны көрсете алады. Өзге ақшалай қаражаттың болуын екінші деңгейдегі банктер растайды. Салық кодексінде банктердің салық органдарына салық төлеушілердің банктік шоттары туралы мәліметтерді ұсыну міндеті көзделген (Салық кодексінің 26-бабы).

Бұл талап Конституцияның нормаларына қайшы келмейді, себебі бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен жол беріледі (Конституцияның 18-бабының 2-тармағы).

Осыған байланысты, «Банктер және банк қызметі туралы» Заңның (50-бап) және Салық кодексінің (30-бап) нормалары салық салу мақсаттары үшін банк құпиясын ашуды көздейді.

Шетелдегі және Қазақстандағы активтерді

барынша дұрыс декларациялау қажет екендігіне назар аударамыз. Кейін активтердің құны салық салынатын кірісті айқындау кезінде ескерілетін болады.

Басқа да мүлік пен сыйлықтарды декларациялау Азаматтар активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда қалауы бойынша құны бірлігіне 3,5 млн.теңгеден (1 000 АЕК) асатын бағалы мүлкіті көрсете алады.

Мұндай мүлікке Қазақстан Республикасында да, шетелде де бар кез келген қымбат мүлік, мысалы, мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды жануарлар және басқа да бағалы мүлік, сондай-ақ аяқталмаған құрылыс объектілері жатады. Көрсетілген мүлік 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бағалау құны болған кезде декларацияланады. Бұл ретте бағалауды декларация табыс етілген сәтке дейін (2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей) жасау қажет. Бағалы сыйлықтар, егер олар мынадай түрде алынса, декларацияланады:

шетелде тіркелген жылжымайтын мүлік және көлік, шетелдік компаниядағы үлестер. Бұл ретте Қазақстанда тіркелген пәтер, көлік, заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін көрсетудің қажеті жоқ; 34,5 млн. теңге (10 000 АЕК) шегінде қолма-қол ақша сомасы;

тұрғын үй құрылысындағы үлес, бағалы қағаздар, цифрлық активтер, инвестициялық алтын.

басқа да мүлік - егер мұндай сыйлықтың бірлігі үшін құны 3,5 млн.теңгеден (1000 АЕК) асатын болса, қалауы бойынша көрсетіледі. Мұндай бағалауды тәуелсіз бағалаушы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізуі тиіс. Жануарлар мен құстарды декларациялау Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда азаматтар құны бірлігіне 3,5 млн. теңгеден (1000 АЕК) асатын асыл тұқымды жануарлар мен құстарды өз қалауы бойынша декларациялай алады. Мысалы, асыл тұқымды жылқы, экзотикалық жануар немесе құс. Өз қажеттіліктерінде өсіретін немесе пайдаланатын жануарлар мен құстарды

декларациялаудың қажеті жоқ. Ауыл шаруашылығы және үй жануарлары бойынша мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдары уәкілетті органдардан алады.

Салық органдары шетелдік көздерден түсетін кірістер туралы қалай біледі?

Қаржы министрлігі 2021 жылдан бастап шетелдік банктердегі шоттарға түскен қазақстандық азаматтардың кірістері туралы мәліметтер алады. Бұл мәліметтер Салық істері жөніндегі өзара әкімшілік көмек туралы конвенция шеңберінде (Страсбург, 1988 жылғы 25 қаңтар) қаржы шоттары туралы ақпаратты автоматты түрде алмасу туралы құзыретті органдардың көпжақты келісіміне (бұдан әрі – CRS) сәйкес келіп түседі. Жыл сайын 80 елден ақпарат келіп түседі, негізгі елдер - БАӘ, Ұлыбритания, Түркия, Франция және басқалар.

Келіп түскен мәліметтер жеке табыс салығы бойынша салық міндеттемелерін айқындау мақсатында ғана салықтық әкімшілендіру үшін пайдаланылады.

Декларацияны түзету

Азаматтар кез келген қате немесе анық емес көрсетілген мәліметтерді Салық кодексінде көзделген талап қою мерзімі шегінде қосымша декларация беру арқылы дербес жоюға құқылы. Жеке тұлғалардың кірістеріне салықтық бақылау қалай жүргізіледі?

Бастапқыда автоматты камералдық бақылау – жеке тұлғалардың шығыстарына мониторинг келесідей жүргізіледі:

декларацияның болуы/болмауы тексеріледі; декларацияда кірістер мен мүлкіті көрсетпеу және кірістерді төмендету фактісі анықталады. Одан кейін камералдық бақылау қорытындылары бойынша бұзушылықтарды жоймаған азаматтарға қатысты салықтық тексеру жүргізіледі. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және деректердің таралып кетуіне жол бермеу үшін қандай кепілдіктер бар?

Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелері интернетке шықпай-ақ жабық контурда жұмыс істейді. Бұл салық төлеушілерден алынған барлық мәліметтердің сақталуын қамтамасыз

етеді.

Мемлекеттік техникалық қызмет тоқсан сайын мемлекеттік кірістер комитеті жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізеді.

Сонымен қатар, декларацияларға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті қоса алғанда, дербес жауап беретін қызметкерлердің шектеулі тобы қол жеткізе алады.

Жеке тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігі Декларацияны бірінші рет ұсынбағаны үшін ескерту, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін – 51 750 теңге (15 АЕК) мөлшерінде айыппұл қарастырылған.

Декларацияда толық емес, анық емес мәліметтерді бірінші рет ұсынғаны үшін – ескерту, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін – 10 350 теңге (3 АЕК) мөлшерінде айыппұл (ӘҚБТК 272-бабы) қарастырылған.

Салық салу объектілерін жасырғаны үшін жыл ішінде алғаш рет – төленбеген салықтар сомасынан 200% айыппұл, қайталап бұзғаны үшін - 300% мөлшерінде айыппұл (ӘҚБТК 275-бабы) қарастырылған.

Егер жеке тұлға декларацияны тапсырғысы келмесе және жыл сайын әкімшілік айыппұл төлеуге дайын болса не болады?

2025 жылдан бастап жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері, кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсынбауы мұндай жеке тұлғаның жеке тұлғаның дербес салық салуға жататын кірістері;

мүлкіті сатып алу, иеліктен шығару, өтеусіз алу фактісі (СК 633-бабы) болмауының растамасы болып есептеледі.

Мұндай адам мүлкіті сатып алған жағдайда оның құны кіріс деп танылады және табыс салығы салынады (СК 72-бабы).

Сонымен қатар, салық салу объектілерін жасырғаны үшін төленбеген салықтар сомасынан 200% айыппұл, қайта бұзғаны үшін 300% айыппұл қарастырылған.

Егіндікөл ауданы бойынша МКБ

О введении всеобщего декларирования

с 1 января 2021 года в Казахстане введено поэтапное всеобщее декларирование.

Основной задачей всеобщего декларирования является:

- обеспечение справедливого налогообложения и совершенствование социальной политики;
- снижение уровня коррупции и теневой экономики.

На третьем этапе, с 1 января 2024 года, декларацию представляют руководители и учредители (участники) юридических лиц, индивидуальные предприниматели, а также их супруги. По области количество таких лиц составляет чуть более 93,0 тысяч человек. В первый год вхождения в систему всеобщего декларирования обязаны представить Декларацию об активах и обязательствах (форма 250.00). В последующие годы представляется Декларация о доходах и имуществе (форма 270.00).

Декларация об активах и обязательствах (форма 250.00)представляетсядляфиксациинакопленных активов и обязательств на дату вхождения в систему декларирования. При этом сведения о зарегистрированном в уполномоченных органах Республики Казахстан недвижимом имуществе и транспортных средствах отражать в декларации не надо, так как данные сведения имеются в органах государственных доходов. Отражению подлежат имущество, зарегистрированное в иностранном государстве. К данному перечню имущества относятся:

- недвижимое имущество;
- земельные участки;
- транспортные средства;

-деньги на банковских счетах в иностранных банках, в сумме, превышающей 1000-кратный размер минимального расчетного показателя (3 450 000 тенге).

Вместе с тем, необходимо указать данные об имуществе в Республике Казахстан и (или) за ее пределами, такими как:

- доля в жилом здании по договору о долевом участии в жилищном строительстве;
- доля участия в уставном капитале юридического лица, созданном за пределами Республики Казахстан;
- ценные бумаги;
- инвестиционное золото;
- объекты интеллектуальной собственности, авторского права.

Также, указываются наличные деньги в сумме, не превышающей 10 000-кратного размера минимального расчетного показателя (34,5 млн тенге), если сумма наличных превышает 34,5 млн. тенге необходимо разместить на счета в банках второго уровня.

Подлежит отражению задолженность других лиц перед физическим лицом (дебиторской задолженности) и (или) задолженности физического лица перед другими лицами (кредиторской задолженности) при наличии нотариального договора. Здесь хотелось бы обратить внимание, что в соответствии с нормами Налогового законодательства сведения, касаемые дебиторской/ кредиторской задолженности, не подлежат изменениям и дополнениям. Соответственно нотариальное заверение

необходимо произвести на дату 31.12.2023 года и не позднее даты предоставления декларации. В случае наличия дорогостоящего имущества, к примеру, произведений искусства и тому подобное, стоимость за единицу которого превышает 1 000-кратного МРП (3 млн 450 тысяч тенге) физическое лицо по желанию вправе указать данное имущество в декларации при наличии оценочной стоимости на 31.12.2023 года. Декларация предоставляется по месту жительства не позднее 15 сентября 2024 года. Декларацию об активах и обязательствах можно представить в электронном виде через Кабинет налогоплательщика, Портал «электронного правительства» (egov.kz), мобильные приложения eSalyk mobile и eGov mobile, и в банковских приложениях Halyk, Kaspi, Банк Центр Кредит. Сейчас начинается период летних отпусков и во избежания пиковых нагрузок на сервера органов госдоходов рекомендуем не затягивать с сдачей налоговой деклараций и заблаговременно представить декларацию.

На платформе единого республиканского номера 1414 запущен Контакт центр для разъяснений всеобщего декларирования.

Более подробная информация опубликована на официальном сайте Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан (kgd.gov.kz) в разделе «Всеобщее декларирование».

УГД по Егіндыкольскому району

Жарайсыңдар, «Шабыт» қыздары!



15 тамыз күні Бурабай ауданы «Оқжетпес» мәдениет үйінде Облыстық халық шығармашылық және мәдени демалыс орталығының ұйымдастыруымен Ақмола облысының 85 жылдығына орай «Көркіңнен айналайын, Көкшетауым» атты аймақтық өнер фестивалі өтті. Өңірлік өнер додасына Ақмола, Қостанай,

Солтүстік Қазақстан облыстарынан шығармашылық ұжымдар мен орындаушылар қатысты. Егіндікөл ауданы мәдениет үйінің Куанышева Асемгуль жетекшілік еткен «Шабыт» би тобы қатысып диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Құттықтаймыз!

Лучший сельский клуб



Культурно-досуговый центра села Узынколь принимает участие в областном конкурсе «Лучший сельский клуб», который будет проходить 12 по 28 августа, а итоги будут подведены в ноябре текущего года. С приветственным словом заместитель акима Егіндықольского района Әбіш Қ.Қ. встретил областную комиссию, в составе которых были специалисты Управления культуры Ақмолинской области и Областного центра народного творчества. Цель данного конкурса - оказание поддержки, популяризации, развития и повышения социального статуса культуры в сельской местности. Культурно-досуговый центр села Узынколь открыл

свои двери перед сельчанами в 2022 году после капитального ремонта. Светлое, просторное, теплое и уютное здание по сей день радуют детишек и молодежь. В КДЦ на данный момент работают творческие кружки, спортивные секции, которые могут посещать любой житель села. За два года работы воспитанники КДЦ показывали достойные результаты на районных и областных конкурсах. Также выражаем благодарность за неоднократную спонсорскую помощь директору ТОО «Ушаково АГРО» Исакову Б.И. и поддержку акима села Сулейменову С.О. А нашим участникам областного конкурса удачи и творческих успехов!

**Ж.Рахметова
методист РДК**

Как получить дубликат свидетельства о рождении

Бывают случаи, когда казахстанцы сталкиваются с проблемой утери или порчи свидетельства о рождении. Филиал Госкорпорации по Ақмолинской области сообщает, что дубликат документа можно заказать в центре обслуживания населения. Отметим, что с начала года в Ақмолинской области отделамо РАГС было выдано более 7 тысяч повторных свидетельств о рождении. Срок оказания государственной услуги 3 рабочих дня, при отсутствии акта в информационной системе ЗАГС, продлевается, но не более чем 15 календарных дней. Услуга оказывается по принципу экстерриториальности, то есть получить ее можно в любом ЦОНе. Госпошлина за выдачу повторного свидетельства о рождении составляет 3864 тенге. К слову, услуга также реализована на портале электронного правительства

Отдел Егіндықольский районный ЦОН

Газетке жазылу жалғасуда

Біздің газетке жазылуды кез-келген «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде рәсімдеуге болады. Басылымға жазылудың біржылдық бағасы - 3183 теңге, жартыжылға-1592 теңге. Газеттің шығу мерзімі - аптасына бір рет, дүйсенбі күндері. Газеттің электрондық нұсқасына жазылуды редакцияның бухгалтериясында рәсімдеуге болады. Сіз газеттің шығарылымын PDF форматында өзіңіздің электрондық поштаңыздың мекен-жайына газетті баспаханаға тапсыру кезінде ала-аласыз. Газеттің электрондық нұсқасына жазылымның бағасы -1000 теңге. Газеттің жартыжылдық жазылымын редакциядан алу (Победа көшесі,7) -1300 теңге. Жазылымның бұл нұсқасын Сіз редакцияның бухгалтериясында рәсімдей аласыз. Егер де сіз біздің газетке жазылып, ол сізге келмесе немесе барлық нөмірлері бірдей келмесе, осы факт туралы «Алтын астық» редакциясына: 2-13-69 телефоны бойынша хабарласуыңызды өтінеміз. Газет мемлекеттік және орыс тілдерінде жарық көреді. Сіз біздің газеттен өзіңізге қызықты әрі пайдалы мәліметтер аласыз, аудан жаңалықтарын білетін боласыз, өзіңіздің және әріптестеріңіздің фотосуреті мен материалдарын көре аласыз! Біздің газет Егіндікөл ауданының тыныс-тіршілігіне немқұрайлы қарамайтын барлық жандар үшін үлкен сүйіспеншілікпен шығарылады.

Подписку на нашу газету вы можете оформить в любом отделении АО «Казпочта». Стоимость годовой подписки на издание составляет 3183 тенге, полугодовой – 1592 тенге. Периодичность выхода газеты – один раз в неделю по понедельникам. Подписка на электронную версию газеты Вы можете оформить в бухгалтерии редакции. Вы будете получать выпуски газеты в формате PDF на свой адрес электронной почты в момент сдачи газеты в типографию. Стоимость полугодовой подписки на электронную версию газеты –1000 тенге. Подписка полугодовая с получением газеты в редакции (ул. Победы,7) – 1300 тенге. Оформить этот вариант подписки Вы можете в бухгалтерии редакции. Если Вы подписались на нашу газету, и она к Вам не пришла или пришли не все номера, то просим сообщить об этом факте в редакцию «Алтын астық» по телефону: 2-13-69. Газета издается на государственном и русском языках. В нашей газете вы найдете для себя много интересного и полезного, будете в курсе новостей в районе, увидите материалы и фото себя и своих коллег! Газета с любовью издается для всех, кто неравнодушен к жизни в нашем Егіндықольском районе.

Поправка

В газете «Алтын астық» от 26 августа 2024 года № 32 (606) опубликовано извещение о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского хозяйства, сельскохозяйственного производства сроком на 10 лет, который состоится 16 октября 2024 года, в извещение вносятся следующие изменения :
- лот № 1 (31 гектар) состав угодий пашня;
- прием заявок с 25 сентября 2024 года.

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі. Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін.	Газет « Алтын астық »газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшық Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.